

**2005 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша банктік емес ұйымдардың ағымдағы жағдайы**

2005 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша республикада 100 кредиттік серіктестік қызметін жүзеге асыруда, оның ішінде 60 ауылдық кредиттік серіктестік, жұмыс істеп тұрған кредиттік серіктестіктердің 77-і Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Аграрлық секторды кредиттеу мәселелері туралы» 2001 жылғы 25 қаңтардағы № 137 қаулысын іске асыру шеңберінде құрылды; 78 ломбард және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге 48 ұйым, оның ішінде 3 ипотекалық компания.

№	Ұйымның атауы	01.01.05	01.06.05
1	Кредиттік серіктестіктер	83	100
2	Ипотекалық компаниялар	3	3
3	Ломбардтар	75	78
4	Басқа ұйымдар	43	45
<b>Жиынтығы:</b>		<b>204</b>	<b>226</b>

**Активтер.** 2005 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша кредиттік серіктестік активтерінің жиынтық мөлшері өткен аймен салыстырғанда 5 848 млн. теңгеге немесе 38,4 %-ке өсіп, 21 091 млн. теңгені құрады. Кредиттік серіктестік активтерінің құрылымында үлкен бөлікті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар – 63,5 % және банктердегі салымдар – 32,2% алып отыр, банкаралық кредиттердің және бағалы қағаздар портфельдерінің үлесі елеусіз болды.

Ипотекалық компаниялардың жиынтық активтері бір айда 2 708 млн теңгеге немесе 5,4%-ке өсіп, 2005 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 53 168 млн. теңге болды. Ипотекалық компаниялар активтерінің құрылымында үлкен үлесті заңды және жеке тұлғалардың заемдары (85,4 %) мен корреспонденттік шоттар (1,0%) алып отыр.

*млн. теңге*

№№	Атауы	01.01.05	01.06.05	
		Активтер	Активтер	Өсімі (%)
1	Кредиттік серіктестіктер	10 219	21 091	106,4
2	Ипотекалық компаниялар	39 005	53 168	36,3
3	Ломбардтар*	6 716	*	*
4	Басқа ұйымдар**	96 593	711 085**	в 7 раз**

**Кредиттік портфель.** 2005 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша кредиттік серіктестіктердің кредиттік портфелі құрылымында елеулі бөлікті стандартты кредиттер алып отыр, олардың үлесі 84,0% болды. Соңғы айда кредиттік серіктестіктердің стандартты кредиттерінің үлесі ұлғайды. (78,9%-тен 84,0%-ке). Сонымен бірге күмәнді кредиттердің үлесі 21,0%-тен 15,9%-ке дейін азайып, соңғы айда үмітсіз кредиттер үлесі 0,1% болды.

Ипотекалық компаниялар бойынша стандартты кредиттердің үлес салмағы 98,91%, күмәнді - 1,03%, үмітсіздер - 0,06 % болды. Ипотекалық компаниялардың кредиттік портфелі өткен есепті күнгі жағдай бойынша мына жағдайда көрінді: мұнда стандартты кредиттердің үлесі -99,17%, күмәнді- 0,76%, үмітсіз - 0,07% болды.

*млн. теңге*

№№	Атауы	01.01.05	01.06.05	
		Заемдар	Заемдар	Өсімі (%)
1	Кредиттік серіктестіктер	8 367	11 873	41,9
2	Ипотекалық компаниялар	35 307	43 392	22,9

3	Ломбардтар*	2 930	*	*
4	Басқа ұйымдар**	50 252	77 879**	55,0**

Жылдың өткен айында кредиттік серіктестіктердің жиынтық міндеттемелерінің жалпы сомасы 424 млн. теңгеге немесе 4,9%-ке өсіп, 2005 жылғы 1 маусымда 9 131 млн. теңге болды. Кредиттік серіктестік міндеттемелерінің ең көп бөлігін алынған заемдар – 94,4% құрайды, 2005 жылғы 1 мамырда олардың жиынтық міндеттемелердегі үлесі 87,6% болды.

Ипотекалық компаниялар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері мамыр айында 2 180 млн. теңгеге немесе 5,6 %-ке өсті және 2005 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 41 055 млн. теңге болды. Мұндайда ипотекалық компаниялардың міндеттемелер құрылымында айналысқа жіберілген бағалы қағаздар (82,7%-ке) және басқа банктерден алынған заемдар (14,2%-ке) басым болғанын атап өткен жөн.

№№	Атауы	01.01.05	01.06.05	
		Міндеттемелер	Міндеттемелер	Өсімі (%)
1	Кредиттік серіктестіктер	5 746	9 131	58,9
2	Ипотекалық компаниялар	34 139	41 055	20,3
3	Ломбардтар*	2 566	*	*
4	Басқа ұйымдар**	73 879	159 514**	115,9**

**Капитал.** Кредиттік серіктестіктердің балансы бойынша жиынтық меншікті капитал бір айда 5 424 млн. теңгеге немесе 83,0%-ке өсіп, 2005 жылғы 1 маусымда 11 961 млн теңге болды.

Ипотекалық компаниялардың меншікті капиталы өткен аймен салыстырғанда 528 млн. теңгеге немесе 4,6 %-ке өсіп, 2005 жылғы 1 маусымда 12 113 млн. теңге болды.

№	Атауы	01.01.05			01.06.05		
		Меншікті капитал	Оның ішінде:		Меншікті капитал	Оның ішінде:	
			Жарғылық капитал	Бөлінбеген таза кіріс (өтелмеген шығын)		Жарғылық капитал	Бөлінбеген таза кіріс (өтелмеген шығын)
1	Кредиттік серіктестіктер	4 473	3 164	183	11 961	10 313	110
2	Ипотекалық компаниялар	4 867	3 770	687	12 113	10 440	544
3	Ломбардтар*	4 150	4 444	-257	*	*	*
4	Басқа ұйымдар**	22 714	17 669	1 325	571**	293**	100**

\* ломбардтар есеп беруді жылдық негізде ұсынады.

\*\* банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есеп беруді тоқсан сайынғы негізде ұсынады.